

**Жасы толмағандардың қылмыстары және оларды қылмысқа, өзге де қоғамға жат іске тарту жайындағы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы**

### ***Күшін жойған***

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1986 жылғы 19 желтоқсан N 19 Күші жойылды - КР Жоғарғы Сотының 2002.04.11. N 6 нормативтік қаулысымен. ~ Р02006s.

Жасы толмағандардың қылмыстары және оларды қылмысқа, өзге де қоғамға жат іске тарту жайындағы істер жөніндегі сот тәжірибесінің қорытындыларын, Алматы қалалық және Жезқазған облыстық соттары председательдерінің СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Жасы толмағандардың қылмыстары және оларды қылмысқа, өзге де қоғамға жат іске тарту жайындағы істер жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1976-жылғы 3-декабрьдегі N 166 қаулысын орындау барысы туралы хабарларын талқылай келіп, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы соттардың осы категориядағы істер жөніндегі заңдарды дұрыс қолдануын негізінен қамтамасыз етіп келе жатқанын атап көрсетеді.

Сонымен қатар соттардың жұмысында жасы толмағандардың қылмыстарына қарсы қүрестің тиімділігін төмендететін елеулі кемшіліктер бар. Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Жезқазған, Қостанай, Торғай, Целиноград облыстарының және Алматы қаласының бірқатар соттарында көптеген істер бойынша сотқа беру кезеңі формальды түрде жүргізіледі, онда, әдеттегідей, анықтауға жататын мәселелер (айыпкердің жеке басы туралы деректердің толықтыры, қылмыстың себептері және оның жасалуына ықпал еткен жағдайлар, қылмысқа қатысқан ересек адамдардың болғандыры, бұлтартпау шарасын қолданудың дұрыстыры және басқалар) толық көлемде қаралмайды, істерді соттың қарауына әзірлеуге байланысты, мәселен, сотталушының заңды өкілдерін, еңбек коллективтерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін шақыру туралы барлық мәселелер тегіс шешілмейді. Жасы толмаған айыпкерді судьяның жеке өзінің қаулысымен сотқа беру әлі де орын алуда.

Кейбір соттар істерді қараған кезде жасы толмағандардың заңды өкілдерінің процессуалдық праволарының бұзылуына жол береді.

Жасы толмағанды ересек адамдардың маскүнемдікке, наркотикті пайдалануға, қылмысқа және өзге де қоғамға жат іске тарту мән-жайлары әрдайым толығымен әрі жан-жакты анықталмайды, ересек адамдар көбінесе жазаланбай қалады.

Кейбір соттар жекелей жаза тағайындау принципін сақтамайды. Жасаған іс-әрекетінің қоғамға қауіптік сипаты мен дәрежесін, кінәлі адамның жеке басы туралы деректерді ескергенде қоғамнан оқшауламай-ақ түзеуге және қайта тәрбиелеуге мүмкін болатын жасөспірімдерге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау әлі жойылған жоқ. Бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаға сотталған жасөспірімдерді қайта тәрбиелеуге және түзеуге жүртшылықты қатыстыру мүмкіндігін соттар жете бағаламайды. Мұндай реттерде жасы толмағанға қоғамдық тәрбиеші тағайындау туралы мәселе сирек шешіледі. Қоғамға елеулі қауіпті болып табылмайтын қылмыстар туралы істерді қарағанда, соттар жасы толмағандарға қылмыстық жазалардың орнына тәрбиелік сипатындағы еріксіз шараларды өте сирек қолданады.

Үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы шешім қабылдағанда соттар жасы толмаған сотталғандарға Қылмыстық кодекстің 41-1-статьясында көрсетілген міндеттерді әрдайым жүктеп отырмайды немесе заңда көрсетілмеген міндеттерді жүктейді.

Қылмыстардың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жан-жақты анықтау, жасөспірімдерді семьяда, мектепте, өндіріс орнында тәрбиелеудегі кемшіліктер мен олқылықтарға өткір әрі принципті көңіл бөлу, әкімшілік органдары мен лауазымды адамдардың право бұзушы жасы толмағандардың тәртібін бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ осы мәселелер бойынша шығарылатын жеке ұйғарулардың сапасын арттырудың қажеттігі туралы заң талаптарын және СССР Жоғарғы Соты Пленумының түсіндірмелерін көптеген соттар әрбір іс бойынша орындалап отырмайды.

Кассациялық және бақылау инстанцияларындағы соттар және толмағандардың қылмыстары туралы істерді қарағанда бірінші инстанциядағы соттар жол берген қателерді барлық жағдайларда дер кезінде толығымен анықтап және жойып отырмайды.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Республика соттарының назары СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Жасы толмағандардың қылмыстары және оларды қылмысқа, өзге де қоғамға жат іске тарту жайындағы істер жөніндегі заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1976-жылғы 3-декабрьдегі N 16 қаулысында және оған кейіннен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларда көрсетілген басшылыққа алынатын түсіндірмелерінің тиісті орындалмай келе жатқанына, мұның өзі осы категориядағы істерді сот әділдігінің дәрежесін төмендететіндігіне аударылсын.

Соттарға аталған кемшіліктерді жою және жасы толмағандардың жасаған қылмысының алдын ала және оны түбірінен жою жөніндегі міндеттердің ойдағыдай шешілуіне барынша көмегін тигізе алатындей сот қызметінің дәрежесін қамтамасыз ету міндеттелсін.

2. СССР Жоғарғы Соты Пленумының аталған қаулысының 2-тармағында көрсетілгендей айыпкер 18 жасқа толғанға дейін жасаған қылмысы үшін оны сотқа беру мәселесі сотқа берген кезде оның жасы толғанына қарамастан тәртіптеу мәжілісінде ғана шешілетіндігін сottар қатаң орындауы қажет. Бұл талапты сақтамау қылмыстық істер жүргізу заңын айтартықтай бұзу болып табылады.

Сottар бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуудың негізділігіне, мұндай шара жасы толмағандарға ерекше жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін екендігіне тәртіптеу мәжілісінде аса көңіл бөлуге тиісті. Осы талаптар сақталмаған және жасы толмағанды қамауға алу негізделмеген кезде сот оны бұзуға немесе неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруға міндетті.

3. Жасы толмағанның жеке басы, оның тәрбиелену жағдайы, оқуы, жұмысы туралы деректерді неғұрлым толығырақ анықтау үшін сottар жасы толмағанның заңды өкілдерін, оның жұмыс істейтін, оқитын және тұрғылықты жеріндегі еңбек коллективтерінің, жұртшылықтың, жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар мен инспекциялардың өкілдерін, ал қажет болған реттерде жасөспірімнің ата-анасы жұмыс істейтін жердегі еңбек коллективтерінің, жұртшылықтың өкілдерін сот мәжілістеріне қатыстырыланы жөн.

Аталған өкілдерді шақыру мәселесі, әдеттегідей, сотқа беру кезінде шешілуі тиіс.

4. Сottар жасы талмаған айыпкердің қорғану правоына кепілдік беретін қылмыстық процесс нормаларының қатаң сақталуын қамтамасыз етсін, Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 24-статьясының 1-бөлігіне сәйкес мұндай істер бойынша қорғаушы айып тағылған кезден бастап қатынасатындығын ескерсін. Мұндай ретте қорғаушы айып тағу және айыпкерден жауап алу кезінде ғана емес, сонымен бірге жасы толмаған айыпкердің қатысуымен не өзінің немесе оның қорғаушысының өтініштері бойынша жүргізілетін басқа тергеу амалдарына да қатыса алады. Өтініш болған кезде, сондай-ақ соттың инициативасы бойынша, қорғаушының сотқа беру кезінде іске қатысуы мүмкін.

5. СССР Жоғарғы Соты Пленумының аталған қаулысының 7-тармағына сәйкес сottар жасы толмаған сотталуышының ақыл-есінің кемдігі туралы деректер болған кезде психиатрия, балалар мен жасөспірімдер психологиясы саласындағы мамандарды қатыстыра отырып экспертиза жүргізуі және жасөспірімнің ақыл-есінің кемдік дәрежесіне, қылмыстық және басқа да мән-жайлардың сипатына қарай Қылмыстық кодекстің 10-статьясына сәйкес қылмыстық жаза орнына тәрбиелік сипаты бар еріксіз шара қолдану мәселесін шешу керек.

6. Сottар осы категориядағы істер бойынша алғын ала тергеудің сапасына талапты арттыруы тиіс. Егер қылмыс атұсті тергелсе, істің дұрыс шешілінуіне елеулі маңызы бар мән-жайлар (жасы толмағанның нақты жасы, өмір жағдайы

мен тәрбиеленуі, ересек азғырушылар мен өзге де қатысушылардың болуы, қылмыстың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайлар) анықталмаса және сот тергеуінде оларды жою мүмкін болмаса мұндай істер қосымша тергеуге қайтарылуға жатады. Басқа жағдайларда жасы толмағандардың қылмыстары туралы істерде тергеу кезінде жіберілген тергеу кемшіліктеріне сottар жеке үйғару арқылы көніл бөлуге тиіс.

7. Жасы толмағандарды қылмысқа, маскунемдікке, наркоманияға және басқа да қоғамға жат іске тарту жайында істерді қарағанда сottар ересек адамның қылмыстық жауаптылығы оның қылмысқа тартқан адамының жасы толмағандығын жетік білгенінде ғана емес, сонымен бірге істің мән-жайлары бойынша білуі мүмкін және білуге тиіс екендігінде де туатынын ескерулері керек

8. Жасы толмағандар қылмыстардың едәуірін мас күйінде және ересек адамдардың қатысуымен жасайтынын ескере отырып, сottар осындай әрбір іс бойынша жасөспірімнің алкогольдік немесе наркотиктік мас күйге дейін жетуіне немесе оған спирт ішімдіктерін, наркотик заттарды заңсыз өткізуге ересек адамдардың қатысуы мүмкіндігін тексеруге және оларды жауапқа тарту мәселесін шешуге міндettі.

Жасы толмағанның спирт ішімдіктерін, наркотиктерді пайдаланғандығы туралы деректері бар әрбір іс бойынша сottар жасы толмаған алкоголязмнен немесе наркоманиядан еріксіз емдеуге мұқтаж ба, сол жағдайды зерттеп және соған негіздер болған кезде емдеу тағайындауға тиіс.

9. Сottарға жасы толмағанды қылмыс жасауға тартқан және оған қатысқан ересек адамның іс-әрекеттері қылмыстық кодекстің жасөспіріммен бірлесіп жасаған қылмыс және жасы толмағанды қылмысты іске тарту жауаптылығы көрсетілген статьяларының жиынтығы бойынша жасы толмағанның Қылмыстық кодекстің 10-статьясында көрсетілген жасқа толғанына қарамастан, дәрежелеуге жатқызылады деп түсіндірлісін.

Мұндай жағдайда қылмыстық кодекстің 10-статьясында көрсетілген жасқа толмаған жасөспіріммен бірлесіп жасалған қылмыс бір топ адам жасаған қылмыс ретінде дәрежеленбейді, өйткені жасөспірім қылмыстың субъектісі емес.

Сондықтан ересек адам, қылмысқа қатысу түріне қарамастан, осы қылмысты тікелей жасаушы ретінде қаралуға және оның іс-әрекеттері сонымен бірге жасы толмағанды қылмыстық іске тартқаны үшін жауаптылық көрсетілген Қылмыстық кодекстің 201-статьясының 1-бөлігі бойынша дәрежеленуге тиіс.

10. Ересек адамның іс-әрекеттерінің салдарынан жасы толмаған қылмыс жасауға әзірлене бастаған сәттен бастап жасы толмағаннан қылмысты іске

тартылуы аяқталды деп саналады. Егер жасы толмаған қылмыс жасаудан бас тартса, ересек адамның іс-әрекеті жасы толмағанды қылмыстық іске тартуға оқталуы ретінде бағалануға тиіс.

11. Ересек адамның жасы толмағанның қылмысы немесе өзге де қоғамға жат ісі есебінен еңбексіз табыс табуға бағытталған іс-әрекеттерін жасы толмағанды арамтамақтықпен күн көру (Қылмыстық кодекстің 201-статьясының 11-бөлігі) мақсаты үшін пайдалану деп түсіну керек.

12. Жасы толмағанды қылмысқа немесе өзге де қоғамға жат іске, маскунемдікке, наркоманияға тартудың қоғамдық ерекше қауіпті екенін ескере отырып, сottар айыпкерлерге қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза шарасын тағайындау туралы мәселені шешкен кезде жасы толмағандардың қылмысты немесе өзге де қоғамға жат іске тартылуының түрлері мен тәсілдерін, ересек адамның және жасы толмағанның жасын, келтірген зиянды зардаптарды ескеруі керек және женілірек жазаны ауырырақ жазамен сініру принципін қолданып қана емес, сондай-ақ, қажет болған ретте, заңның ауырырақ белгілеген статьясындағы шектен асырмай қосу принципін қолдануға тиіс.

13. Сottар осы категориядағы істер бойынша жасы толмаған сотталушының жеке басы туралы деректердің жазаның түрі мен мөлшерін тағайындауға ерекше маңызы барын ескеріп, бұл деректерді толық және объективті түрде зерттеуге тиіс.

Жасы толмаған сотталушыны теріс сипаттайтын деректер оның жеке басына қатысты сипаттама ретінде жаза тағайындағанда ескерілуге тиіс, бірақ олар жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар ретінде бағалана алмайды.

14. Сottар істің нақты мән-жайларын, жасаған іс-әрекеттің қоғамдық қаупінің сипаты мен дәрежесін, ауырлататын және женілдететін мән-жайларды сана дамуын, тәрбие жағдайын және сотталушының жеке басын сипаттайтын басқа да деректерді ескере отырып, әрбір іс бойынша жасы толмағанға белгіленетін жазаның түрі мен мөлшерін айқындауға жекеше көзқарас жасауға міндettі жасы толмағандарға негізсіз бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау фактілері түбірінен жойылуға тиіс.

Қоғамға үлкен қауіпті болып саналмайтын қылмыстар жасаған жасы толмағандар жөніндегі бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза шараларын, шартты жазаға соттауды, үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды, ал қажет болған жағдайда, қылмыстық жаза шараларының орнына Қылмыстық кодекстің 10-статьясының 4-бөлігінде көрсетілген еріксіз тәрбие беру сипатындағы шараларын кеңінен қолдану қажет.

З жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған жасы толмағанға үкім қабылдағанда сот әрбір жағдайда оған Қылмыстық кодекстің 41-1-статьясында көрсетілген міндettерді жүктей отырып, үкімнің

орындалуын кейінге қалдыруды қолдану мүмкіндігі туралы мәселені талқылауға, үкімде сол міндеттердің орындалу мерзімін және жағдайларын көрсетуге міндетті.

Шартты тұрде соттауды және үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды қолданғанда (Қылмыстық кодекстің 40, 41-1-статьялары) соттар сынау мерзімінің орындалуының кейінге қалдырылуының маңызын, сотталғандарға, оның ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне сотталған адамның өзіне жүктелген міндеттерді орындауының, қоғамдық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзуының, жаңа қылмыс жасауының салдарынан болатын зардалтарын түсіндіруге міндетті.

Сот мәжілісінің протоколында бұл жөнінде тиісті жазу болуы керек.

15. Жасы толмағанға тәрбие беру сипатындағы еріксіз шаралар, шартты жазаға соттау, үкімнің орындалуын кейінге қалдыру, бас бостандығынан айыруға байланысты емес басқа да жаза шараларын қолданған жағдайда сондай-ақ жазадан шартты тұрде мерзімінен бұрын босатқанда соттар оған қоғамдық тәрбиеші тағайындау туралы мәселені талқылауы тиіс. Бұл кезде үкімнің қаулы ететін бөлігінде жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияға осындай тәрбиеші тағайындау міндеттелген нұсқау келтірілуге тиіс.

16. Осы категориядағы әрбір іс бойынша соттар жасы толмағандардың қылмыстар жасауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды мұқият анықтауы және оларды жоюға шаралар қолдануы тиіс.

Жасы толмағанның міндеттерін орындауының немесе қоғамдық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзуының, не жаңа қылмыс жасауының себептері бойынша шартты жазага соттаудың немесе үкімнің орындалуын кейінге қалдырудың күшін жоюға байланысты материалдарды қараған кезде соттар жасөспірімнің қоғамға жат мінезд-құлқының себептерін, сынау мерзімінің немесе үкімнің орындалуын кейінге қалдыру мерзімінің ішінде оның тәртібін бақылауды жүзеге асыру процесінде жол берілген кемшіліктерге байланысты себептерді анықтауы, жеке ұйғарулар шығаруы, бұл ұйғаруларда қажет болса, осындай бақылауды тиісінше жүзеге асырған лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселе қоюға тиіс.

Жасы толмағандарды тәрбиелеудегі кемшіліктер мен олқылықтарға, олардың тұрмыстық айналасындағы және басқа жайларға байланысты жеке ұйғаруларын соттар жасы толмағандардың істері жөніндегі комиссияларға, ал қажет болған реттерде жасы толмағанның ата-анасы немесе өзге де занды өкілдері жұмыс істейтін еңбек коллективтеріне де жіберуге тиіс.

17. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот коллегиясы, облыстық және Алматы қалалық соттары істерді кассациялық және сот бақылауы тәртібімен қарағанда үкімнің зандылығын және дұрыстырығын мұқият тексеріп,

қателер мен заңның бұзылудын толық жоюға, оның дұрыс әрі бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етуге шаралар қолдануы керек.

18. Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының мына қаулыларының күші жойылды деп танылсын: "Республика соттарының ССР Одағы Жоғарғы Соты Пленумының "Жасы толмағандардың қылмыстары және оларды қылмысты және өзге де қоғамға жат іске тарту жайындағы істері жөніндегі зандарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1976-жылғы 3-декабрьдегі N 16 қаулысын орындауының барысы туралы" 1978-жылғы 22-июньдегі N 9 қаулысы; "Республика соттарының ССР Одағы Жоғарғы Соты Пленумының "Жасы толмағандардың қылмыстары жайындағы және оларды қылмысты және өзге де қоғамға жат іске тарту жайындағы істер жөніндегі зандарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1976-жылғы 3-декабрьдегі N 16 қаулысын орындауының барысы туралы" 1980-жылғы 27-июньдегі N 3

қаулысы; "Республика соттарының ССР Одағы Жоғарғы Соты Пленумының "Жасы толмағандардың қылмыстары жайындағы және оларды қылмысты және

өзге де қоғамға жат іске тарту жайындағы істер жөніндегі зандарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" 1976-жылғы 3-декабрьдегі N 166 қаулысын орындауының барысы туралы" 1982-жылғы 3-сентябрьдегі N 4 қаулысы.

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Икебаева Ә.Ж.)